

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Құдай жіберген Адам



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Бір күні Құдайдың киелі үйінде Зәкәрия есімді діни қызметкер шайырды түтетіп жатты. Ал сыртта адамдар мінәжат етіп тұрды. Кенет Зәкәрия дірілдеп кетті.



2

Періште келді. «Қорықпа! –деді ол. –Құдай мені жіберді. Сенің әйелің ұл табады. Оның атын Жақия деп қойыңдар. Ол туғаннан бастап-ақ Киелі Рухқа кенеледі. Ол көп адамдарды Құдайға қайтарады».



3

«Зәкәрия, бізбен сөйлесші». Сыртта тұрған адамдар айран-асыр болды. Олар Жәбірейіл періштенің Зәкәрияға нәресте туғанға дейін сөйлей алмай қалатынын айтқанын білмеді, себебі Зәкәрия Құдайдан келген хабарға сенбеген еді. Ол бала табуға өзінің әйелі тым кәрі деп ойлаған болатын.



4

Үйде Зәкәрия өзіне періштенің айтқанының бәрін жазып берді. Оның әйелі Елізабет таңғалды. Олар үнемі Құдайдан перзент сұрап сиынатын. Мұның қазір жүзеге асуы мүмкін бе?



5

Біраз уақыт өткенде Елізабет өзінің аяғы ауыр екенін білді. Ол Құдайды мадақтады. Бірде Елізабетке оның жақын туысы Мәриям келді. Мәриямның да аяғы ауыр болатын.



6

Мәриям келген кезде, Елізабет өзінің ішіндегі нәрестесінің тыпырлап кеткенін сезді. Елізабет Киелі Рухқа кенелді. Ол Мәриямның нәрестесі

Иеміз Иса Мәсіх болатынын білді. Екі әйел Құдайды қуанышпен дауыстап мадақтады.



7

Құдай уәде еткендей, Елізабеттің нәрестесі дүниеге келді. «Оны әкесі сияқты Зәкәрия деп атандар», – деді басқа діни қызметкерлер. Зәкәрия Құдайдың бұйрығын есіне түсірді. «Жоқ! Баланың аты Жақия болады!» Зәкәрия осы сөздерді жазған кезде, оның тілі шешіліп кетті. Содан соң ол Құдайды мадақтады.



8

Жақия өскен кезде, ол Құдайдың ұлы адамы Ілияс сияқты болды. Жақия адамдарға таяуда оларға бата беру үшін Мәсіх келетінін айтты.



9

Яһуди жетекшілері Жақияны өздеріне айтқан «Теріс жолдарыңнан қайтып тәубе етіңдер! Күнә жасауды доғарыңдар!» – деген сөздері үшін жек көрді. Олар өздерінің күнәлары жайында естігілері келмеді.



10

Басқалары оны Жақия Шомылдырушы деп атады, өйткені ол адамдар өз күнәлары үшін өкінгенін көрсету мақсатында оларды суға шомылдыру рәсімін атқарды. Бірде Иса Жақияға шомылдыру рәсімінен өту үшін келді. «Сен мені шомылдыру керексің ғой», – деп қарсыласты Жақия. Бірақ Иса: «Осылай болсын!» – деді. Солайша Жақия Оны шомылдыру рәсімінен өткізді.



11

Исаны шомылдыру рәсімінен өткізгеннен кейін Жақия Киелі Рухтың Исаға көгершін бейнесінде келіп қонғанын көрді. Бұл – Құдайдың белгісі болатын. Жақия Исаның Құдай Ұлы екенін білді. Ол Исаны дүниенің күнәсін Өзіне алатын Құдайдың Тоқтысы деп атады.



12

Жақия көп адамдарды Құдайға әкелді. Бірақ зұлым билеуші Ирод Жақияны түрмеге жаптырды. Жақия Иродқа: «Өзіңнің ініңнің әйелі Иродиаданы өзіңе әйел етіп алғаның күнә», – деді. Ирод оның дұрыс айтқанын білді. Ол Жақияның Құдайдың қызметкері, әділетті де қасиетті адам болғанын да білді. Алайда ол күнә жасауын доғаруды қаламады. Жақия да өзінің түрмеге қамалуына себеп болатынын біле тұра, күнәға қарсы уағыздауын тоқтатпады.



13

Өзінің туған күнінде Ирод үлкен қонақасы берді. Иродиаданың қызы ол үшін би биледі. Бұл би Иродқа ұнап қалды. «Сен не қаласан, соны аласың, – деп уәде етті ол. – Тіпті менің патшалығымның жартысын да».



14



«Не сұрасам екен?» –деп қыз аңтарылды. Оның зұлым шешесі Иродиада, ал ол Жақияны жек көретін, не сұрау керегін айтты. Бұл –сұмдық еді!

15

«Жақия Шомылдырушының басын маған табаққа салып алып кел», –деді қыз Иродқа. Ирод өзінің уәдесіне өкініп қалды, алайда оны бұзуға тәкаппарлығы жібермеді. «Жақияның басын шауып, осында алып кел», –деп бұйырды Ирод. Оның жендеттері мұны іске асырды.



16

Өкінішке орай, Жақияның достары Құдайдың батыл да адал қызметкерінің мәйітін жерледі. Енді Жақияның Құдайға арнаған қызметі аяқталды. Бәлкім олар Иса өздерін жұбататынын білген шығар.



17

Құдай жіберген Адам

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Марқа 6, Луқа 1, 3

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы